ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

**ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ**

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА**

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

05.06.2019г. № КВГА-13

**«Стандарт Ойл КЗО» ЖШС-і
директоры
А. Ертаевқа**

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит Комитеті Сіздің 20.05.2019 жылғы № 43621 арызыңыздың негізінде ашық конкурс тәсілімен өткізілген №3253357-2 «Қызылорда қ. Ақсуат а/о ұзындығы 850 метр А.Арысбаев көшесін орташа жөндеу» мемлекеттік сатып алулары бойынша камералдық бақылауы жүргізіліп, Сіздің арызда көрсетілген уәждер жартылай расталды.

Мекеменің жариялаған жоғарыда аталған электрондық конкурсы бойынша Сіздің арызыңыздағы уәждер ішінара дәлелденді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының 382 тармақшасына сәйкес, консорциум конкурсқа қатысқан жағдайда конкурстық баға ұсынысына әсер ететін критерийлерді есептеу консорциалдық келісіммен айқындалған консорциумның негізгі қатысушысына қатысты қолданылады.

Бұл ретте шарт конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарт қолданылған консорциумның қатысушысымен жасалады.

Осылайша, біліктілік туралы мәліметтерді қарау кезінде Сіздің конкурстық өтініміңіздің «КАИС-Сервис» ЖШС-мен 26.04.2019 күні жасаған Консорциалды келісімде «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС консорциумның негізгі қатысушы деп көрсетілген.

Сіздің Конкурстық өтініміңізді заңсыз қабылдамау төңірегіндегі дәлелдер өз растауын таппады, өйткені сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында «хаттамалар, бұдан әрі «қосымша мәліметтер», бөлімінде тіркелген құжат Анықтама «КАИС-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне салынған ауыртпалықтар (тыйым салу) туралы».

Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаның біліктілігі туралы мәліметтерге ескертпенің 5-тармағына сәйкес, егер конкурс мәні құрылыспен байланысты емес жұмыстардың өзге түрлері, жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылған жағдайда, орындалған жұмыстар актілерінің электрондық көшірмелері болып табылады.

Осы себептен ТОО «Tech Service KZ» жумыс тәжірибесі боиынша шартты жеңілдіктерін есептеу кезінде бұзушылықтар анықталмады.

Камералдық бақылау барысында «Nurlyorda Service» ЖШС-ң сәйкестік сертификаттары үшін шартты жеңілдіктер заңсыз түрде қолданылғаны анықталды.

Конкурстың қорытынды хаттамаларының шешімдерін «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (*бұдан әрі – Заң*) және Қағида талаптарына сәйкестендіру үшін хабарлама жолданды.

Камералдық бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 19-тармағының екінші абзацына сәйкес жүргізілді.

Заңының 47-бабының 6-тармағына сәйкес қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабында көзделген жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе субъектіге шағым жасауға құқығыңыздың бар екендігі туралы хабарланады.

Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Төрағаның орынбасары /қол қойылған/ Ш. Шайназарова

Орын. Жетембекова А.
Тел. 71-78-73